

кездері қазақ тілі сабақтарында ақпараттық технологиялар да жиі қолданылады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру арқылы.

Сабақта даралап, саралап, топтық, жұптық жеке оқу түрлері мен формаларын қолдану. Жұптық жұмыс бір-бірінің білімін бағалап, білімін тексеріп, білмегендерін сұрауда тиімді болса, топтық жұмыс істеп, топ басшыларының басшылығымен берілген тапсырмаларды өз ішкі-ішкілерімен орындауда, қарым-қатынас жасауда ынтымақтастыққа тиімді. Топта білім деңгейлері әр сабақтағы балалар болғандықтан, индивидуалдық, дифференциалдық жұмыс жүргізу қажет, ол жұмыс дегеніміз тапсырмалар, технологиялық карталар арқылы жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасы.
2. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2007ж.
3. "Қазақстан мектебі" журналы. 2007, №4.

М. Тойғанбекова

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарында білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Жаңа кезеңдегі алдыңғы қатарлы педагогикалық және әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізіп, бүгінгі заман талабына сай, біршама өзгерген және жаңа жағдайларды қолдану ерекше маңызға ие болып отыр.

Білім және тәрбие беру жолында ақпараттық-коммуникациялық технологияны оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазіргі ақпараттық қоғамда және өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты – студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпаратты мәдениет дегеніміз – тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу емес, кез келген ақпарат көзін: анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз.

Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісінде электрондық оқулықтарды енгізу. Оқу материалдарын ұтымды игеруде электрондық оқулықтардың рөлі орасан зор. Теориялық материалдарды әр түрлі суреттер, сызба тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсіну және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтеді және материалдарды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Ақпараттық технология көптеген оқу бағдарламаларының тууына, дамуына ықпал етеді. Студенттерге уақытты орынды пайдаланып, оларға жаңа мағлұмат, тың дүние беру – жаңа технологиялардың, ақпараттық технологиялардың жетістігі. Жеке тұлғаның ақыл-ой санасы, оқу, білім алу барысында қалыптасады.

Қазақ тілі сабақтарында интеграцияны жүзеге асыра отырып, студент бойына тіл заңдылықтарын зерделеп, қолдана білу, ауыз екі сөйлеу және ойын жазбаша беру біліктіліктерін, дағдыларын тиімді меңгеріп беруді талап ету. Қызықтыра оқытуға ұмтылған оқытушы бір мезетте студенттер зердесінің белсенділікке, көңіл-күйі толғанысына, еріктік ұмтылысына ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі сатыларында танымдық қызығудың түрлі жолдарын қарастырады. Оқыту материалдарына қызықты дәйектерді, іс-әрекеттің жаңа түрлерін, ойын элементін, жарыстар, сайыстар енгізудің де үлкен маңызы бар. Танымдық қызығуға итермелейтін қатынастарға әсерлену деңгейі, студенттердің өз мүмкіндіктері мен танымдық күштеріне сенім артуы, өзара көмек, жарыс, мадақтау жатады. Қызығу белгілері үш топқа бөлінеді: 1. Оқу үрдісіндегі студенттердің мінез-құлық ерекшеліктері; 2. Сабақтан тыс уақытта байқалатын мінез-құлық пен іс-әрекет ерекшеліктері; 3. Студенттердің өмір сүру ерекшеліктері.

Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үрдісіне тиімді қолданғанда: студентке берілген білімнің сапасы артады; Танымдық қызығушылығы қалыптасады; ақпараттық мәдениет қалыптасады; оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру; оқу-зерттеу жұмыстарын да шығармашылықпен жұмыс жасауға үйретеді.

Сабақ барысында студенттердің танымдық қабілеттерін дамытуға байланысты жұмыстарды тиімді ұйымдастыру оларды теориялық білімді қолдану біліктілігін арттырып қана қоймай шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда танымдық көзқарастарын дамытуда ерекше рөл атқарады. Сапалы ақпараттық білім беру – тұрақты даму тетігі.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл біздің ғасырда дамуымызға мүмкіндік беретін ерекше қабілет. Білім адамның сыни ойлауы онсыз мүмкін болмайтын дәлелдемелерді туғызады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттардың ақпараттарды өңдеу керек болады.

Білім беру технологиясы – бұл оқыту үрдісінің мүмкіндік сипатын мойындау, студенттің субъективтілігіне көңіл аудару және тұлғаға бағдарланған білім беру технологиясын жалған кездейсоқ үрдістер түрінде жобалау бойынша жүргізілген жұмыс.

Сондықтан жаңа технологияны қазақ тілі сабағында пайдалану қатаң айқын бағдарланған шаралары мен ережелері бар, негізгі дидактикалық үрдістермен өзара байланысты қамтамасыз етілетін және бағдарланған нәтижеге кепілдік беретін жоба негізінде оқу үрдісінің сапасын басқару деп анықтаймыз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда өскелең ұрпаққа өрелі білім, өнегелі тәрбие беру ісі заманына лайық мүлдем өзгеше, жаңаша сипат тауып отыр. Өмір заңы, бірінші кезекте, білім арқылы баланың, оның жеке тұлғасын дамытуды жоғары дәрежеде жеткізуді қатаң талап етуде.

Осыған орай педагогикалық ғылым алдында да нақты міндет туындауда: ол – студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларын ойлап табу, яғни оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қалыптастыру.

Жаңа технологияның басты ерекшелігі өзі – жеке тұлғаға баса назар аудару болса, бұл дегеніміз – оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып, оқыту мазмұнын студенттің жеке басының ерекшелігіне, даму дәрежесіне қабілет-мүмкіндігіне бейімдей жүргізу деген сөз.

Біздің өзіндік іс-тәжірибеміздің негізінде жасалған тұжырымдарымыз көрсеткендей, жеке тұлғаға бағытталған зерттеушілік, ізденіс бағытында жұмыс жүргізу, сондай-ақ эвристикалық әңгіме, пікірталас, өзара сөйлесу, топтық жұмыс сияқты формалардың озық тұратыны байқалады.

Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан салалығына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір-бірімен байланысып кірігеді.

Мысалы, зерттеу сабағында студенттер топқа бөлінеді. Бірінші топ Крыловтың «Қарға мен түлкі» өлеңін аударма түрінде оқып, композициялық желісіндегі ерекшеліктерді анықтап, тақырыбы мен идеясын айқындайды, осы шығармадағы мәтіннен көркемдегіш құралдарды табады. Екінші топ оқулықтағы «Крыловтың ізімен» атты қара сөзбен берілген шығарманы оқып, оқиға желісіне, жазылу тәсіліне талдау жасап, алдыңғы өлеңмен салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады.

Бұл әдіс-тәсілдер аталған технологияда және тиімді сабақтар жүйесі технологиясында да қолданылады. Тиімді сабақтар жүйесі технологиясына жобаны қорғау, шешендік сабағы енеді.

Жобаны қорғау сабағы «Күрделі сөйлемдер» тақырыбын бастамас бұрын, оқытушы алдын-ала топқа тақырып бойынша тірек-сызба жобасын жасауды ұсынады. Мұндай жоба ең маңызды мәселені ажырата білуді және осы мағлұматтарды санаулы уақыт ішінде жүйелеп айтып бере алуды қажет етеді. Ал оқытушы болса, студент жобасын қолдап, құптай отырып, оларды қорғай білуге бағыт-бағдар береді.

Шешендік өнер сабағында студенттер оқытушы ұсынған тақырып бойынша бәсекеге түседі. Мысалы, «Өнер алды – қызыл тіл» деп алып, бұл орайда мақал-мәтелдерді көп білетіндер сайысын өткізуге болады.

Сонымен , қорыта келгенде, айтарымыз – орыс тобында да қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа инновациялық технологияларды пайдалану оқытушы үшін қандай маңызды болса, студент үшін мәнділігі бұдан да кем емес.

Сөйтіп, осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде студенттің күннен-күнге білімге деген ынтасы арта түседі, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге қалыптасады, өзін-өзі бағалап, өз күшіне деген сенімділік пайда болады, оқудың мәні мен мақсатын айқын түсінеді.

Жеке тұлға ретінде дамуына әсер етеді.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған екен: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халқымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл әрине жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз

мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек». Біздің әдебиет сан ғасырлық жолдардан өткен қазақ әдебиеті. Ол біздің халықтың көркем бейнесі, халықтың әдеби тұлғасы, жаны. Жаңа дәуірде қазақ әдебиеті барлық тарихи шындықты бастан кешіргені әдебиет болып бізге жетті. Ендігі жерде сол өркендеп өскен, қанат жайған әдебиетімізді жастарға оқытып, таныстыруды міндетке алып, оның халықпен бірге жасайтынын айта отырған, оның ішінде оқу бағдарламасына сай классик жазушылардың өмірін, шығармашылығын және шығармаларды оқытуда әдебиет пәнінің оқытушылары тек оқулықтан құрғақ оқу, айту ғана емес, тақырыптарды жеткізуде, немесе қайталау сабақтарында әдістемелік ізденістермен айналысады. Қазіргі уақытта оқу бағдарламасына жаңа үрдістер, жаңа оқу технологиялары енгізіліп отыр. Оқытушы сабақ беруде өз шеберліктерін шыңдап, дамыту үшін жаңа оқу технологиясының алуан түрлерін меңгеріп, оны өзінің күнделікті сабағына қолданып отырады.

Жаңа оқу әдістері білімгердің пәнге деген қызығушылығын дамытады. Жаңа оқу әдістерінің біріне интеграция сабақтары жатады. Мысалы: «Абай – аудармашы» тақырыбы бойынша ұлы ақын Абайдың аудармашылығы туралы айтылып келесі сабақта: «Қараңғы түнде тау қалқып» өлеңінің шығу тарихы, оны кім аударғаны, кім ән шығарды. Бұл сабақ жағрафия, орыс әдебиеті, қазақ әдебиеті пәндерімен тығыз байланысты. Бұл сабақтың пәнаралық байланысы мол. Шәкәрім Құдайбердиев өмірі мен шығармашылығы туралы сөз болғанда Сорос – Қазақстан бағдарламасының «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы бойынша Шәкәрім мен Абайдың ортақ қасиеттеріне Венндиаграмм жасалды.

Қорыта айтқанда ең бастысы тіл, әдебиет деген – атамұра – асыл қазынамыз, ол халықтың күш-қуаты, тарихы десе де болады. Тіл мен әдебиет халықпен бірге мәңгілік жасап, ғасырдан-ғасырға эстафета болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін мәңгі

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дүйсенов С.С. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда техникалық оқу құралдарын қолдану. Алматы, 1999, П.ғ.к.дисс...
2. Габай Т.В. О месте и роли технических средств в учебном процессе // Современная высшая школа, 1982, № 1.
3. Чуксина И.Г. Педагогические основы обучения студентов русскому языку как иностранному средствами и компьютерных технологий Д.п.н.дисс...

З. М. Токмухамедова

К ВОПРОСУ О ПРЕИМУЩЕСТВАХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ INTERNET В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА ФАКУЛЬТЕТЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Еще в 1943 году Уинстон Черчилль говорил, что «Империями будущего будут империи ума».

На современном этапе развития молодое поколение Казахстана должно быть образованное, продвинутое и конкурентоспособное на мировом уровне. Насколько качественным будет уровень здоровья, интеллекта и образования молодого поколения, настолько высокой окажется конкурентоспособность государства в системе мирового сообщества. Одним из приоритетов образования языков придается особое значение.

Для того, чтобы идти в ногу со временем, постоянно повышая свой профессиональный уровень, преподавателям нужно использовать на уроках безграничные возможности Internet такие, как электронная почта, телеконференции, web-страницы и многое другое.

Данная статья посвящается преимуществам использования Internet, анализу и классификации web-страниц с учетом специфики преподавания иностранного языка на факультете международных отношений. Программой предусмотрено многоаспектное изучение языка – практика речи (фонетика, лексика, грамматика), домашнее чтение, специальное чтение (тексты по специальности), общественно-политическая лексика. Обучение с использованием ресурсов Internet повышает интерес к языку, позволяет оживить учебный процесс. Можно сказать, что обучение становится и развивающим, что является важной чертой современного образования в мире.

Внедрение новых технологий в сферу образования представляет в настоящее время одно из важнейших направлений развития современной методической и педагогической науки.

Однако, следует отметить, что до сих пор на уроках иностранных языков использовались, в лучшем случае, аудио- или видеоманитофоны или проектор для слайдов. Сейчас очень многое